

Халықтың әлеуметтік аз қамтылған санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 116 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 21 мамырда N 3-10-104 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2012 жылғы 17 тамыздағы № 56 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2012.08.17 № 56 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 «Бюджет кодексінің» 56 бабының 1 тармағына сәйкес аудандық мәслихат

ШЕШІМ

Е Т Е Д І :

1. Азық-түліктің бағасының көтерілуіне байланысты, халықтың әлеуметтік аз қамтылған санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында, аз қамтылған отбасылардың жан басына шаққандағы орташа табысы облыс бойынша анықталған кедейшілік шегінен аспайтын отбасыларға, қосымша базалық төлемді қоса есептегендеге ең төменгі зейнетақы алатын барлық зейнеткерлерге 1,5 есе айлық есептік қорсеткіш қолемінде, әлеуметтік жәрдемақы алып отырған I, II, III топтағы жалпы аурулардан бала кезінен, әскер борышын орындауға байланысты емес мертігу немесе ауру салдарынан мүгедектікке душар болған мүгедектерге 3000 теңге мөлшерінде жергілікті бюджет қаржысы есебінен ай сайын ақшалай түрде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Темір ауданы мәслихатының 2010.12.27 № 221 (ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2. Аудандық мәслихаттың 2008 жылдың 24 қыркүйегінде қабылданған, әділет басқармасында 2009 жылдың 14 қазанында № 3-10-85 нөмерімен тіркелген № 57 «Халықтың әлеуметтік әлжуаз санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» шешімінің күші жойды деп танылсын.

3. Осы шешім аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген құннен бастап күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат *Аудандық мәслихат*
сессиясының төрағасы: *хатшысы:*
Б.ҚУАНДЫҚОВ **С.ЖАҢАБЕРГЕНОВА**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК